

БЕКІТЕМІН:

«Жетісу облысы білім басқармасының
Текелі қаласы бойынша білім бөлімі» ММ
«№2 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-нің
менгерушісі Е.А.Жаксыбекова

« 31 » 08

2023-2024ж.



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Ортаңғы,ересек санаторлық тобы «Балдаурен»

Музыка жетекшісі: А.Ш.Майснер

Ортаңғы, ересек тобы

Балалардың жасы: 3, 4

Жоспардың құрылу кезеңі қыркүйек айы 2023-2024жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка	<ul style="list-style-type: none">-Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын соңына дейін түсінуге үйрету.Музыка тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды аландамай соңына дейін тыңдау);- Ән айту дағдыларын дамытуда сөздерді анық айтуға қалыптастыру.Ән айтуда мәнерлеп айтуға үйрету, әнді созып (ре-си бірінші октава шегінде), әуенімен келтіріп айту;- Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.Би қимылдарын , ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру;-Музыкалық аспап сыбызғымен және сыбызғы аспабының дыбысталуымен таныстыру.Таныс әндерді орындауда балаларға арналған түрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Музыка	<ul style="list-style-type: none">- Музыка тыңдауда музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.Музыка тыңдауда музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс музыкалық шығармаларды білу;-Ән айту дағдыларын дамытуда ре(ми)-ля(си) диапазонында ән айтуға үйрету, дауысын жатықтыру.Ән айтуда қимылдармен үйлестіріп орындауға үйрету;-Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.Марш сипатын ырғақты жүріспен беру, ырғақты сезіну;-Музыкалық металлофон, барабан аспаптырмен және аспаптардың дыбысталуымен таныстыру. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен қарапайым әуендерді ойнау.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Музыка	<p>-Музыка тыңдауда музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбыстарын ажырата білуді жетілдіру. Музыка тыңдау кезінде тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеуге дағдыландыру;</p> <p>-Ән айту дағдыларын дамытуда барлығымен бір қарқында әнді таза айтуға, әнді барлығы бірге бастап бірге аяқтауға үйрету. Ән айтуда қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту;</p> <p>-Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру, музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту;</p> <p>-Музыкалық қоңырау, сылдырмақ, маракас аспаптарымен және аспаптардың дыбысталуымен таныстыру. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен қарапайым таныс әуендерді ойнау.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Музыка	<p>-Музыка тыңдауда түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру, әннің мазмұнын түсіну.Музыка тыңдауда музыкалық шығараманың мәнерлі құралдарын байқауға (ақырын, қатты, баяу, жылдам) үйрету;</p> <p>-Ән айту дағдыларын дамытуда әннің сипатын жеткізе білуге (көңілді, созып, ойнақы айтуға) үйрету.Ән айтуда әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету;</p> <p>-Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу;</p> <p>-Барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау, ырғақтар соғу.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Музыка	<p>-Музыка тыңдауда әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге үйрету.Музыканы тыңдай отырып жоғарғы дыбыстарды (секста, септима шгінде) ажырата білу;</p> <p>- Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның диапазонында ән айтуға баулу.Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешінің көмегімен);</p> <p>-Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына мүмкіндік беру. Би билеуде музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын есте сақтау;</p> <p>-Барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау, ырғақтар соғу.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Музыка	<p>-Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.Музыканы тыңдап, әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу;</p> <p>-Ән айтуда әннің сөзін түсініп орындауға, көңіл-күйін жеткізе білуге үйрету.Ән айтуда топпен бірге бастап бірге аяқтауға дағдылану;</p> <p>-Балалардың таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.Билеуде жеңіл ырғақпен қозғалу, жұппен би қимылдарын орындау, билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану;</p> <p>-Металлафон аспабында (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.Домбыра, сазсырнай, асатаяқ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнау.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Музыка	<p>-Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұнды, көңілді) байқауға үйрету.Музыка тыңдауда ұлттық домбыра аспабының үнін қабылдау, домбырада орындалған әндер мен күйлерді тыңдау;</p> <p>-Жеке және топпен ән орындауда дауыс диапазонын жетілдіру.Әнді мәнерлеп орындауды, қимылмен үйлестіріп орындауды одан әрі жетілдіру;</p> <p>-Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру, «Қамажай» биін үйрету;</p> <p>-Қазақ халқының сыбызғы аспабының үнін тану, басқа аспаптардан ажырата білу.Домбыра, сазсырнай, асатаяқ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнау.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Музыка	<p>-Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.Музыка тыңдай отырып, таныс шығармаларды ажырату, алған әсерлерін әңгімелеп айту;</p> <p>-Ән айтуда , қарқынды ән орындауда бір-бірін тыңдап, естіп орындауға дағдыландыру.Ән айтуда дауысты айқайламай, еркін шығаруға дағдылану, бір-бірін тыңдап орындау;</p> <p>- Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүріп қимылдарды өзгерту;</p> <p>-Балалар музыкалық аспаптарын ойындарда, қарапайым ырғақ соғуда қолдану.Балалар музыкалық аспаптарын тану, атау, есте сақтау.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері

Мамыр	Музыка	<ul style="list-style-type: none">-Музыка тыңдауда балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету, оларды атай білу.Музыка тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау;-Ән айтуда негізгі ережелерді: бірге орындаушыларды, аспаптың сүйемелдеуін, сөздің мағынасын, әннің көңіл-күйін есте ұстап орындауға дағдыландыру.Әнді өз нақышында, мәнерлі, ырғақты қимылмен орындау дағдыларын бекіту;-Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.Билеуде шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын бере білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау;-Танып білген музыкалық аспаптарды үнінен ажырата білу.Балалар музыкалық аспаптарын тану, атау, есте сақтау.
-------	--------	---